

**Жібек-жолы ауылдық округі Жібек-жолы ауылы А.Навои көшесінің № 21-33 тұрғын үйлері аралығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Түркістан облысы Сайрам ауданы Жібек-жолы ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 17 наурыздағы № 4 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 17 наурызда № 6102 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы Жібек жолы ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 14 маусымдағы № 11 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы Жібек жолы ауылдық округі әкімінің 14.06.2021 № 11 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сайрам аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2021 жылғы 15 наурыздағы № 08 -02-03/158 ұсынысына сәйкес және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Жібек-жолы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ** :

1. Бруцеллез ауруының ошағы анықталуына байланысты Жібек-жолы ауылдық округі Жібек-жолы ауылы А.Навои көшесінің № 21-33 тұрғын үйлері аралығына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Сайрам ауданының Жібек-жолы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысы Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің оны ресми жариялағаннан кейін Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК